



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ  
ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

А.БАЙТҰРСЫНОВ АТЫНДАҒЫ  
ҚОСТАНАЙ ӨңІРЛІК УНИВЕРСИТЕТІ



ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІ МӘДЕНИЕТ БАСҚАРМАСЫНЫҢ "ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННИҢ ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСТЫҚ  
МЕМОРИАЛДЫҚ МҰРАЖАЙЫ" КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ "КОСТАНАЙСКИЙ ОБЛАСТНОЙ МЕМОРИАЛЬНЫЙ  
МУЗЕЙ ИБРАЯ АЛТЫНСАРИНА" УПРАВЛЕНИЯ КУЛЬТУРЫ АКИМАТА КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ

## АЛТЫНСАРИН ОҚУЛАРЫ

«ИННОВАЦИЯ, БІЛІМ, ТӘЖІРИБЕ-БІЛІМ  
БЕРУ ЖОЛЫНЫҢ ВЕКТОРЛАРЫ»

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ  
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ  
КОНФЕРЕНЦИЯСЫ

## МАТЕРИАЛДАРЫ

II КІТАП

## АЛТЫНСАРИНСКИЕ ЧТЕНИЯ

## МАТЕРИАЛЫ

МЕЖДУНАРОДНОЙ  
НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ  
КОНФЕРЕНЦИИ

«ИННОВАЦИИ, ЗНАНИЯ,  
ОПЫТ – ВЕКТОРЫ  
ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ ТРЕКОВ»

II КНИГА



## РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ/ РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ

**Қуанышбаев Сеитбек Бекенович**, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Басқарма Төрағасы-Ректоры, география ғылымдарының докторы, Қазақстан Педагогикалық Ғылымдар Академиясының мүшесі;

**Жарлыгасов Женис Бахытбекович**, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Зерттеулер, инновация және цифрландыру жөніндегі проректоры, ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор;

**Скударева Галина Николаевна**, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент, Мәскеу облысындағы МОУ «Мемлекеттік гуманитарлық-технологиялық университеті» ректорының м.а.; Ресей Федерациясының жалпы білім беру ісінің құрметті қызметкері, Ресей;

**Бережнова Елена Викторовна**, педагогика ғылымдарының докторы, профессор Мәскеу халықаралық мемлекеттік қатынастар институты, Ресей;

**Ибраева Айман Елемановна**, «Қостанай облысы әкімдігінің білім басқармасы» ММ жетекшісі;

**Онищенко Елена Анатольевна**, «Педагогикалық шеберлік орталығы» жекеменшік мекемесінің Қостанай қаласындағы филиалының директоры;

**Демисенова Шнар Сапаровна**, педагогика ғылымдарының кандидаты, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің педагогика және психология кафедрасының меңгерушісі;

**Утегенова Бибикуль Мазановна**, педагогика ғылымдарының кандидаты, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің педагогика және психология кафедрасының профессоры;

**Смаглий Татьяна Ивановна**, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің, педагогика ғылымдарының кандидаты; педагогика және психология кафедрасының қауым.профессоры;

**Жетписбаева Айсылу Айратовна**, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Ы.Алтынсарин атындағы әдістемелік кабинетінің меңгерушісі.

«Инновация, білім, тәжірибе-білім беру жолының векторлары»: 2023 жылдың 17 ақпандағы Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. II Кітап. – Қостанай: А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, 2023. – 1231 б. = «Инновации, знания, опыт – векторы образовательных треков»: Материалы международной научно-практической конференции, 17 февраля 2023 года. II Книга. – Костанай: Костанайский региональный университет имени А.Байтұрсынова, 2023. – 1231 с.

ISBN 978-601-356-244-5

Жинаққа «Инновация, білім, тәжірибе-білім беру жолының векторлары» атты Алтынсарин оқулары халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары енгізілген.

Талқыланатын мәселелердің алуан түрлілігі мен кеңдігі мақала авторларына заманауи білім беруді жаңғырту мен дамытудың, осы үдерісте қазақ ағартушыларының педагогикалық мұрасын пайдаланудың жолдарын, мұғалімдерді даярлаудың тиімді технологиялары мен форматтарын әзірлеу мен енгізу мәселелерін, ақпараттық қоғамдағы білім беру кеңістігінің ерекшеліктерін айқындауға, сондай-ақ педагогтердің инновациялық қызметінің тәжірибесін жинақтауға, педагогикалық үдеріс субъектілерін психологиялық-педагогикалық қолдауға мүмкіндік берді.

Бұл жинақтың материалдары ғалымдарға, жоғары оқу орындары мен колледж оқытушыларына, мектеп мұғалімдері мен мектепке дейінгі тәрбиешілерге, педагог-психологтарға, магистранттар мен студенттерге қызықты болуы мүмкін.

В сборнике содержатся материалы Международной научно-практической конференции Алтынсаринские чтения «Инновации, знания, опыт – векторы образовательных треков». Многообразие и широта обсуждаемых проблем позволили авторам статей определить векторы модернизации и развития современного образования, использования в данном процессе педагогического наследия казахских просветителей, вопросов разработки и внедрения эффективных технологий и форматов подготовки учителей, специфики образовательного пространства в информационном обществе, а также обобщения опыта инновационной деятельности педагогов, психолого-педагогической поддержки субъектов педагогического процесса.

Материалы данного сборника могут быть интересны ученым, преподавателям вузов и колледжей, учителям школ и воспитателям дошкольных учреждений, педагогам-психологам, магистрантам и студентам.

ISBN 978-601-356-244-5



УДК 37.02  
ББК 74.00

## БІЛІМ БЕРУ МАҚСАТТАРЫНА ҚОЛ ЖЕТКІЗУДЕ БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ – ПЕДАГОГИКАЛЫҚ СҮЙЕМЕЛДЕУ

Безаубекова Алмагул Даненовна  
Тіл және әдебиет теориясының кафедрасының  
қауымдастырылған профессоры  
Ө.Сұлтанғазина атындағы педагогикалық институты  
Қостанай қ, Қазақстан  
E-mail; adaeva1981@mail.ru  
Есенгельды Эльвира Кайратқызы  
А.Байтұрсынов атындағы Қостанай  
өңірлік университетінің студенті  
Қостанай қ, Қазақстан  
E-mail; yesehgeldyevira02@mail.ru

### **Аңдатпа**

Өзектілігі мен мақсаты мектептегі оқу үдерісін психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу тұрғысынан болашақ педагог-психологтарды дайындау мәселесі қарастырылған. Педагогикалық инновацияларды ендіру жағдайларында оқу жұмысын психологиялық-педагогикалық сүйемелдеудің маңыздылығына назар аударылады. Еліміздің болашақ педагогтардық дайындау тәжірибесі қазіргі таңда мамандардың мектептегі білім беру жағдайларында оқу үдерісін психологиялық-педагогикалық сүйемелдеуге даярлығын қалыптастыруға жеткілікті мән берілмейтіндігі атап өтілді.

**Түйінді сөздер:** психологиялық-педагогикалық, білім беру, педагог-ғалымдар, сүйемелдеу, оқушының, оқу үдерісі, мектепте.

### **Аннотация**

Рассмотрена актуальность и цель подготовки будущих педагогов-психологов в плане психолого-педагогического сопровождения образовательного процесса в школе. В случаях внедрения педагогических инноваций обращается внимание на важность психолого-педагогического сопровождения воспитательной работы. Отмечено, что опыт подготовки будущих учителей страны не придает достаточного значения подготовке специалистов по психолого-педагогическому сопровождению образовательного процесса в школьном образовании.

**Ключевые слова:** психолого-педагогического, сопровождения, будущих учителей, процесса.

### **Abstract**

The relevance and purpose of training future psychologists in terms of psychological and pedagogical support of the educational process at school are considered. In cases of introducing pedagogical innovations, attention is drawn to the importance of psychological and pedagogical support of educational work. It is noted that the experience of training future teachers in the country does not attach sufficient importance to the training of specialists in the psychological and pedagogical support of the educational process in school education.

**Key words:** psychological and pedagogical, pedagogical innovations, educational process.

Еліміздің білім беру жүйесін дамыту стратегиясы «Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында» айқындалып, оның мазмұны қоғамның дамуы талаптарына сай жастардың бойында білімділік пен бәсекеге қабілеттік қасиеттерді қалыптастыруға бағытталып отыр. Жаңа экономикалық қатынастардың үдемелі инновациялық сипаты адам капиталын дамытуды алға қою туралы көзқарастарды тудыруда.

Білім беру жаңа мазмұнымен нәтижелері білім алушының қоғамы ортадан өз орнын бағдарлауға, білім мазмұны мен пәндерді өз таңдауына бағытталған. Мектепте балаларды оқытудың жекелік сипаты мен оқушының мүмкіндіктерін дамыта отырып, өз бетімен білім алуын ұйымдастыру талаптары жаңа формациядағы мұғалімдерді, олардың жаңаша ойлау әрекеттері мен зерттеушілік ұстанымдарын қалыптастыруды көздейді. Сонымен қатар, жаңа өзгерістер білім беруді мазмұндық қана емес, әдістемелік және технологиялық қайта құруларды қамтамасыз ететін логикасын айқындап, білім берудің жаңа нәтижелеріне сай оларды тиімді ұйымдастыру қызметін белгілейді.

Білім саласындағы түрлі реформаларды жүзеге асыру барысында оқушылардың педагогикалық-психологиялық сүйемелдеу өте маңызды. Оқу-тәрбие үдерісін педагогикалық-психологиялық сүйемелдеу

– оқушының субъективті тәжірибесі мен жеке қажеттіліктерін ескере отырып оның жеке-тұлғалық қасиеттерін оңтайлы қалыптастыруға, танымдық дамуын оқу-тәрбие үдерісіне қатысушылардың біріккен іс-әрекетінің жүйесі.

Бүгінде педагогтерге оқушының психологиялық жас ерекшелігін терең біліп, оқыту мен тәрбие үдерісін жүзеге асыруда басшылық алуы маңызды. Жеке-тұлғалық қасиеттеріне оқушының темперамент типі, мен мінез-құлық ерекшеліктері, экстриверт пен интроверт оқушылардың өз-өздерін бағалауда, оқуға ішкі және сыртқы мотивацияны оятуда ерекшеліктеріне қарай педагог қарым-қатынас стилін айқындап, қолдау, бағыт-бағдар беру мөлшерін қажеттіліктерін ескере отырып жүзеге асыруы шарт. Оқушы қабілетін, оның арнайы және жалпы көріну кеңдігіне қарай оқыту-тәрбие үрдісінде дамыту үшін кеңейтілген тапсырмалар, сыни тұрғыдан ойлау қабілеттерін дамыту, Блум таксономиясына негізделген деңгейлік тапсырмалар мен деңгейлік сұрақтар және т.б. енгізу арқылы дамытуға болады.

Сүйемелдеу мақсаты – оқушының нақты жағдаяттарда максималды тұлғалық дамуы мен оқуына оның нақты объективті мүмкіндіктері аясында әлеуметтік-педагогикалық орта жағдайын жасау. [1]

Бүгінгі оқушылардың психологиясы, әрине кешегі оқушылар емес. Олар ақпараттық сауатылығы жоғары, тілдерді меңгеруге бейім, еркін ойлайтын және сөйлейтін, мұғалімдерден өз құқығын талап ететін балалар. Педагог-ғалымдар қазіргі балаларды «педагогикалық үдерістің объектісі емес, белсенді субъектісі» ретінде, оларға жоғары баға беруде. Оқушыларға «өзін-өзі дамыта алатын», педагогикалық үдерістің толыққанды мүшелері ретінде қарастырады. Бұл мәселеде пікірталастың қажеті жоқ секілді. Өйткені, мұндай көзқарас қазіргі педагогика теоретиктері мен тәжірибешіл педагогтар басшылыққа алатын үлгі, яғни парадигмаға айналды.

Бірақ, педагогикалық жаңалықтарға оқушылар қаншалықты бейімделіп жатыр? деген сұрақ жауабын күтеді. Мектеп психологиясы қызметі осы мәселе төңірегінде қандай жұмыстар атқарып отыр. Оқушыларды педагогикалық инновациялар жағдайында оқуға бейімдеу, негізінен мектеп психологтарының қызмет міндеттеріне жатады. Болашақ педагог-психологтар жоғары оқу орындарында осы бағыттағы жұмыстарға қажетті құзыреттіліктерді игеруі тиіс. [2, б, 47]

Психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу ұғымына келер болсақ: мысалы ҰБТ кезеңін алатын болсақ, ата-аналармен жұмыс бітірушілерге қолдау жасаудың негізгі аспектілері олардың жақындарын балалармен дұрыс қарым-қатынас жасау, оларға психологиялық қолдау көрсету.

Психологиялық-педагогикалық ғылымда өңделген қызмет принципіне сәйкес (Н.А.Мореева) болашақ педагог-психологтарды мектептегі білім беруде инновациялық жағдайларда оқыту, жеке тұлғалардың шығармашылық қасиеттерінің дамуы тек қоғамдық тәжірибені меңгеру, болашақ педагог-психолог мамандардың өздеріне белсене қызмет ету арқылы жүзеге асатын меңгеру негізінде ғана жүре алады.

Ұрпақ тәрбиесімен айналысатын әлеуметтік, педагогикалық-психологиялық қызметтің тиімділігін арттыру, оны инновациялық жағдаяттарында оқу үдерісін педагогикалық-психологиялық сүйемелдеуге даярлау. Бұл үшін әрбір оқытушылардың іс-әрекеттің ғылыми-педагогикалық, психологиялық негіздерін меңгеруі мақсат етіледі. [3, б, 48]

Педагогикалық-психологиялық сүйемелдеуге даярлау, оқыту және тәрбиемен қатар білім берудің үшінші жағы ретінде қарастыруға болады. Мектептегі білім берудің оқу үдерісін педагогикалық-психологиялық сүйемелдеуге даярлау, білім алушыға оқу жылының түрлі кезеңдерінде білікті көмек беру мен қолдаудың жүйелі технологиясы болып табылады.

Көптеген зерттеушілер психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу деп не тиіс есі өз бетінше таңдау мен шешім қабылдау арқылы тұлғалық және кәсіби даму болып табылатын білім алушылардың өзекті қажеттіліктерін (білім беру, жас ерекшелік, дербес-тұлғалық) шешу мүмкіндігін қамтамасыз етуге бағытталған психологтың ұйымдастырылған іс-әрекеті болып табылады. Мектептегі білім алу үдерісінде оқушының тұлғалық-кәсіби дамуын психологиялық-педагогикалық сүйемелдеудің мәнін анықтағанда бізге ресейлік ғалым

Э.Ф.Зеердің тәсілі неғұрлым жақын. Ғалым «психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу деп тұлғалық кәсіби қалыптасуын зерттеудің, қалыптастырудың, дамыту мен тұзетудің тұтас үрдісі», – деп түсінеді. [4, б, 48]

Білім беру мекемелеріндегі жеке сүйемелдеудің негізгі кезеңдері. Баланың дамуын сүйемелдеудің бірінші кезеңі ретінде бала туралы ақпаратты жинақтау шығады.

Екінші кезең-алған ақпаратты талдау.

Үшінші кезең-бала, педагог, ата-аналар, мамандар үшін ұсыныстарды бірлесіп түзу: әрбір «қиын» білім алушы, тәрбиеленуші үшін кешенді көмектің жоспарын түзу.

Төртінші кезең-сүйемелдеуге қатысушылардың барлығына бала қиыншылықтарын шешудегі жолдар мен амалдар туралы кеңес беру.

Бесінші кезең-қиыншылықтарды шешу, яғни сүйемелдеудің әрбір қатысушысымен ұсыныстардың орындалуы.

Алтыншы кезең-орындалған ұсыныстардың сүйемелдеудің барлық қатысушыларымен талдануы (Неге қол жеткізілді? Неге қол жеткізілмеді? Не себептен?)

Жетінші кезең – бала дамуын талдауды жалғастыру (Келешектер не істейміз?)

Бұл шарттың барлығы шартты, өйткені әрбір баланың өз қиыншылықтары бар және оны шешуде жеке бір көзқарас қажет болады.

Психологиялық-педагогикалық сүйемелдеудің барлық кезеңдерінде психологиялық-педагогикалық қызметтің нәтижесімектептегі білім беру тиімді кәсіби қызмет жасауға психологиялық даярлығы болып табылады.

Инклюзивті білім беруді енгізу және дамыту жағдайында заманауи білім берудің тиімді дамыту, әр білім алушының ерекшеліктерін, оның психологиялық-дене дамуының ерекшеліктері мен жеке қажеттіліктерін ескере отырып баланың жеке бағытын және оны кәсіби қолдау жолдарын анықтай білуді талап етеді. Аталған міндет инклюзивті білім беру ортасын құрудың базалық компоненті болып табылуы тиіс, оның орындалуы мамандардың көп пәнаралық өзара байланыстарын ұйымдастырмайынша мүмкін емес.

Психологиялық-педагогикалық қызмет аясында мамандардың ынтымақтастығы барысында, тиімді байланыс жасауының келесі параметрлерін ескеру қажет;

- баланың ерекшеліктерін және даму деңгейін, оның ресурстық мүмкіндіктерін есепке алу;
- «қажетті маманның дер кезінде» баламен жұмыс істеуге «араласуының» қолайлы бірізділігі;
- Ата-аналардың баламен әлеуметтенуі мен білім алуға бейімделуіне қатысуы, олардың мамандармен серіктестік қарым-қатынас

Құрылған бейімді білім ортасы, оқу-тәрбие процесінің барлық мүшелерінің мінез-құлық мәдениеті, толеранттылығы, әр білім алушы үшін білім сапасының жоғары болуы мультипәндік команда күшінің нәтижесі болып табылады. [4, б, 14]

Психологиялық-педагогикалық консилум іс-әрекетінің келесі бағыттарын жүзеге асырады:

- ықтимал «қауіп тобын» анықтау мақсатында консилиумның барлық мамандары білім алушылардың скрининг-диагностикасын жүзеге асыруды ұйымдастырудың іс-шараларын өткізу;
- ықтимал «қауіп тобы» балаларының ішінен психологиялық-физикалық ауытқулары немесе білім беру бағытын таңдау;
- даму ерекшеліктері бар білім алушылар үшін жеке түзете-білім беру бағдарламаларын әзірлеу, білім беру бағытын таңдау;
- қолдаудың жеке бағдарламаларын жүзеге асыру, түзете-дамытушылық іс-шараларын жүзеге асыру, кеңес жұмысының бағыттарын анықтау;
- психологиялық-педагогикалық қолдаудың нәтижелілігін қадағалау.

Аталған бағыттар бойынша әр педагог (сынып жетекші, пән мұғалімдері, логопед мұғалім, педагог-психолог, дефектолог мұғалім, әлеуметтік педагог) өзінің мамандану саласын ескере отырып жұмыс істейді. [4, б, 16]

Психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу қызметі жұмысының негізгі қағидаттары: баланың дамуының кез келген проблемасын шешуге кешенді, пәнаралық тәсіл. Білім беру процесінде баланың дамуын сүйемелдеудің үздіксіздігі. Ілесіп жүру процесін ақпараттық-әдістемелік қамтамасыз ету. Ілесіп жүру қызметін әлеуметтік-педагогикалық және психологиялық жобалау (болжау). Даму мүмкіндіктері шектеулі балаларды психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу жөніндегі іс-шараларға ата-аналарды, педагогикалық және балалар ұжымын белсенді тарту.

Психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу қызметінің мақсаттары мен міндеттері: Психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу қызметінің мақсаты оқушылардың барынша дамуы, оларды табысты оқыту және әлеуметтендіру үшін жағдай жасауға бағытталған ағартушылық, диагностикалық және түзету іс-шараларының кешенін іске асыру арқылы білім беру процесінің барлық қатысушыларын психологиялық-педагогикалық сүйемелдеуді ұйымдастыру болып табылады. Бұл ретте сүйемелдеу нысаны білім беру процесі, сүйемелдеу пәні – баланың даму жағдайы болып табылады.

Психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу қызметінің міндеттері:

- тәрбиеленушінің жеке басының құқықтары мен мүдделерін қорғау, олардың психологиялық және дене дамуы мен оқытудың қауіпсіз жағдайларын қамтамасыз ету, психологиялық-педагогикалық және медициналық-әлеуметтік мәселелерді шешуге қолдау көрсету және жәрдемдесу;
- даму және оқыту проблемаларының туындауының алдын алу үшін баланың даму мүмкіндіктері мен ерекшеліктерін кешенді диагностикалау;
- оқушыларды психологиялық-педагогикалық сүйемелдеудің жеке бағдарламаларын әзірлеу және іске асыру, сондай-ақ білім беру бағдарламаларын білім;

- білім беру процесінің барлық субъектілері арасындағы өзара түсіністікті және өзара іс-қимылды нығайтуға жәрдемдесу;

- білім алушылар, педагогикалық қызметкерлер, ата-аналар арасында консультациялық-ағартушылық жұмыс;

Психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу қызметі қызметінің басты бағыттарына мыналар жатады:

- психоэлеуметтік диагностика – оқушылардың бастапқы мүмкіндіктерін, жеке ерекшеліктерін және жеке тұлғаның бейімділігін, оқыту мен тәрбиелеу процесінде оның әлеуетті мүмкіндіктерін анықтау бойынша зерттеулер жүргізу, сондай-ақ оқушылардың дамуындағы ауытқуларды, оқудағы, элеуметтік бейімделудегі қиындықтардың себептерін анықтау;

- элеуметтік қауіп-қатердің әлеуетті және нақты топтарын анықтау;

- психокоррекциялық жұмыс-педагог-психологтың, элеуметтік педагогтың, мұғалім-логопедтің, мұғалім-дефектологтың, дәрігердің оқушылармен түзету-дамыту жұмыстарын жүргізу және бағдарламаларды әзірлеу бойынша бірлескен қызметі;

- білім беру процесіне қатысушылардың жалпы және арнайы қабілеттерін дамыту бойынша ата-аналар, педагогикалық ұжым арасында элеуметтік-психологиялық тренингтер, рөлдік ойындар, топтық пікірталас ұйымдастыру және өткізу;

- әрбір жас кезеңінде білім алушылардың, тәрбиеленушілердің толыққанды тұлғалық дамуы мен өзін-өзі анықтауы үшін жағдай жасау мақсатында, сондай-ақ жеке тұлғаның қалыптасуындағы және интеллектінің дамуындағы ықтимал бұзушылықтардың дер кезінде алдын алу үшін білім беру процесіне қатысушыларды психологиялық – педагогикалық және медициналық-элеуметтік ағарту;

- әртүрлі психологиялық-педагогикалық және элеуметтік-медициналық проблемалар бойынша білім беру процесіне қатысушыларға элеуметтік-педагогикалық және психологиялық кеңес беру;

- оқушылар мен ата-аналарға өмірлік қиын; оқушыларды дамыту, тәрбиелеу және оқыту мәселелерінде педагогтарға кеңес беру;

- ұйымдастыру – әдістемелік қызмет-ұйымдастырушылық-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік жұмыстарды жүргізу (сүйемелдеу нәтижелерін талдау және қорыту, оны жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірлеу, ғылыми зерттеу материалдарын өңдеу); тәрбие және элеуметтендіру мәселелері бойынша әдістемелік бірлестіктерге, семинар-практикумдарға, конференцияларға қатысу; тәрбиеленушілердің денсаулық жағдайын ескере отырып, оларды сауықтыру бағдарламаларын әзірлеуге және іске асыруға қатысу;

- білім беру ұйымдарында білім алушыларды; инновациялық әдістерді меңгеру бойынша семинарлар, тренингтер және консультациялар ұйымдастыру және өткізу; мүмкіндігі шектеулі балалардың деректер банкін қалыптастыру, отандық және шетелдік ғылым мен психологиялық-педагогикалық және медициналық-элеуметтік қолдау бойынша практиканың жетістіктерін зерделеу.[5]

#### **Әдебиеттер тізімі**

1. Жаңартылған білім беру жағдайында бастауыш сынып оқушыларын психологиялық-педагогикалық сүйемелдеуге аспектілер. Шамуратова Куралай Шамуратовна
2. Қазақстан Республикасында білім беру және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдармаласы. Egov.gov.kz
3. Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетіХАБАРШЫ «Педагогикалық ғылымдары» сериясы, №1(57), 2018 ж.
4. Білім беру ұйымдарындағы психологиялық-педагогикалық консилум туралы ереже. Әдістемелік ұсынымдар. – Астана: Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2016. – 38 б.
5. «Павлодар қаласының Кенжекөл ЖОМ» ММ – дегі психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу қызметі туралы ереже.